

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Раушан Жәліқызы

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**

Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустан Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Раушан Жәлікызы

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек



**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Raushan Zhalikyzy

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_31\\_3\\_15-26](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_15-26)

FTAMP: 03.20.00

## ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I – жартысы)

А.Қ. Кушқумбаев<sup>1\*</sup>, Т.А. Уалиев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атынағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана;

<sup>2</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан, Көкшетау.

\*Автор корреспондент

E-mail: kushkumbaev.magyar2011@yandex.kz (Кушқумбаев), tarichkz@mail.ru (Уалиев).

**Аңдатпа.** Осы мақалада Ер Едіге батырлық жырының XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, XX ғасырдың екінші жартысына дейін зерттелу тарихы, негізгі зерттелу кезеңдері белгіленіп, талданады. Ер Едіге эпосының тағдыры, осы эпос кейіпкерлері сияқты шытырман оқиғаларға, драмалық сюжеттерге толы болып шықты. Зерттеушілер Едіге эпосын зерттей отыра, оның кейіпкерінің бейнесін советтік шынайылық пен идеологияға бейімдеп қалай өзгертсе, эпос ғалымдардың тағдырын да сол дәрежеде өзгертті деп айтуға болады. 1944 жылғы ВКП (б) ОК Қаулысынан кейін орын алған идеологиялық қысымдардың салдарынан ғалымдар Едіге жыры тақырыбынан бас тартып, ғылыми мансаптарын күрт әрі түбегейлі өзгертеді (Ә. Марғұлан филология мамандығынан археология саласына ауысады) және едігетану саласы тежеліп, оның ғылыми-танымдық әлеуетін XX ғасырдың 80 жылдарына дейін кемітіп тастады. Осыған байланысты, мақалада Едіге жырының зерттелу тарихын қарастыру барысында тарихнамалық зерттеулерде қолданылатын концептуалистік және антропологиялық зерттеу үлгілері аясында қарастыруға талпыныс жасалынады. Біз үшін Едіге жырын зерттеудің бірінші кезеңі – XIX ғасыр екінші ортасынан бастап, революцияға дейінгі аралықты тарихнамалық зерттеулердегі концептуалистік үлгі аясында, ал екінші кезеңді – XX ғасырдың 20 жылдары мен XX ғ. екінші жартысын антропологиялық зерттеу аясында қарастыру тиімді көрінеді.

**Түйін сөздер:** Ер Едіге жыры, фольклор, Жошы Ұлысы, Ш. Уәлиханов, Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, идеология.

МРНТИ: 03.20.00

## ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДИГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.

А.Қ. Кушқумбаев<sup>1\*</sup>, Т.А. Уалиев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана;

<sup>2</sup>Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Казахстан, Кокшетау.

\*Корреспондирующий автор

E-mail: kushkumbaev.magyar2011@yandex.kz (Кушқумбаев), tarichkz@mail.ru (Уалиев).

**Аннотация.** В настоящей статье анализируются и выделяются основные этапы изучения героического эпоса Ер Едіге со второй половины XIX века до I половины XX вв. Судьба эпоса Ер Едіге, как и героев этого эпоса, оказалась полна приключений и драматических сюжетов. Можно утверждать, насколько исследователи изменили образ героя, изучая эпос и адаптируя его советской действительности и идеологии, настолько и эпос изменил судьбу самих ученых. Вследствие идеологического давления, возникшего после постановления ЦК ВКП (б) 1944 года, ученые круто и коренным образом меняют свою научную карьеру, отказываясь от темы эпоса Едіге (к примеру, А. Марғұлан меняет филологию на археологию), что в свою очередь негативно сказывается на едігеведении, снижая его научно-познавательный

потенциал вплоть до 80-х годов XX века. В связи с этим в статье предпринята попытка рассмотреть историю изучения эпоса Едіге в рамках концептуалистских и антропологических моделей исследования, используемых в историографических исследованиях. На наш взгляд для первого периода изучения эпоса Едіге (начиная со второй середины XIX века до дореволюционного периода) более продуктивным представляется рассмотрение его в рамках концептуалистской модели историографических исследований, а для второго периода (с 20-х годов XX века и до второй половины XX века) в антропологической модели исследования.

**Ключевые слова:** эпос Ер Едіге, фольклор, Улус Джучи, Ш. Уалиханов, К. Сатпаев, А. Маргулан, идеология.

IRSTI: 03.20.00

## HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2<sup>ND</sup> HALF OF 19 – 1<sup>ST</sup> HALF OF 20 CC.

**Kushkumbayev A.K.<sup>1\*</sup>, Ualiyev T.A.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Eurasian University named after L.N. Gumilyov, Kazakhstan, Astana;

<sup>2</sup>Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kazakhstan, Kokshetau.

\*Corresponding author

E-mail: kushkumbaev.magyar2011@yandex.kz (Kushkumbayev), tarichkz@mail.ru (Ualiyev).

**Abstract.** From the 2<sup>nd</sup> half of the 19 century to the 1<sup>st</sup> half of the 20 century the article analyses and highlights the main stages in the study of the heroic epic Yer Yedige. The destiny of Yer Yedige epic, as well as the heroes of the epic, turned out to be full of adventures and dramatic plotlines. It is arguable that to the extent that the researchers changed the image of the hero by studying the epos and adapting it to the Soviet reality and ideology, the epos changed the fate of the scholars themselves. Due to ideological pressure, which started after the Resolution of Central Committee of All-Union Communist Party of Bolsheviks in 1944, scientists radically changed their scientific career and gave up the theme of Yedige epos (A.Margulan changed from philology to archeology), which in its turn had a negative impact on Yedige studies, reducing its scientific and cognitive potential up to 80s of the 20 century. In this context, the article attempts to review the history of Yedige epic studies within conceptualist and anthropological research models used in historiographical studies. In this view, for the first period of the study of the epic of Yedige (from the 2<sup>nd</sup> half of the 19 century to the pre-revolutionary period) it is more producible to be considered within a conceptualist model of historiographical research, and for the second period (next quarter of 20 cen.) within an anthropological model of research.

**Key words:** Yer Yedige epic, folklore, Ulus Dzhuchi, Shokan Ualikhanov, Qanysh Satpayev, Alkei Margulan, ideology.

**Кіріспе.** Жошы Ұлысы мемлекетінің саяси тарихына қатысты мол тарихи ақпараттар ауызша-эпикалық дәстүрде жатқанын айтуымыз керек. Оның ішінде XV ғасыр ортасында қалыптасқан эпостар цикліне («Қырымның қырық батыры», «Ноғайлы дәуірі жырлары») кіретін «Ер Едіге» жырының ғылыми-танымдық әлеуеті аса зор.

Жырда негізінен XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасыр басындағы Жошы Ұлысындағы ішкі саяси дағдарыс, билік үшін өзара талас-тартыстар мен терең саяси-әлеуметтік үдерістер суреттеледі. Жырды зерттеген ғалымдардың басым бөлігі, оның тарихилық, шынайылық деңгейіне жоғары баға береді. Жырдың басты кейіпкерлері – Едіге, Тоқтамыс, Сәтемір (Әмір Темір) – барлығы тарихи тұлғалар. Ал жырдағы орталық оқиғалар – тарихта да орын алған, тек жырда олар әдеби-сюжеттік қабаттармен толықтырылған.

Едіге жыры кез келген фольклорлық деректер секілді өз дәуірінің идеологиясын айқындайды, жырдың негізгі сюжеті сол дәуірде болған оқиғаларға қатысты халықтың өзіндік рефлексиясы деп қарастыруға болады. Яғни, бұл эпикалық шығарламаларды (тарихи

жазбаша дереккөздермен салыстырып, талдай отыра) Жошы Ұлысы тарихының ішкі дереккөздері ретінде қабылдауға болады. Мысалға, отандық зерттеушілер Жошы Ұлысы дәуірінде қалыптасқан фольклорлық мұраның маңызына тоқтала келе, «түркі халықтарының (қазақ, ноғай, башқұрт, татарлардың және т.б.) ауызша тарихи дәстүрінде аса зор ғылыми-танымдық әлеует сақталған» деп жоғары баға береді (Кушкумбаев, 2015:4). Зерттеушілердің пікірінше, бұл шығармалардағы мәліметтер Жошы ұлысы тарихы мен ортағасырлар кезеңі бойынша дербес түрде дереккөздер ретінде қарастырыла алады (Кушкумбаев, 2015:41; Сабитов, 2019: 98).

Осы жоғарыдағы жайттар Ер Едіге жырын тарихи дереккөздер тұрғысында зерттеудің ғылыми өзектілігін айқындайды.

**Материалдар мен әдістер.** Осы зерттеу жұмысының материалдар негізін Едіге жырының нұсқалары мен тарихнамалық материалдар, яғни белгілі бір тарихи кезеңдерде тарих ғылымына тән үрдістерді тікелей көрсететін тарихнаманың тікелей пәнін білдіретін дереккөздер (ғылыми әдебиет) құрайды. Дереккөздердің бұл санаты жалпы осы зерттеу тақырыбымен сәйкес келеді. Ол, ең алдымен, белгілі бір ғалымдардың Ер Едіге жыры, тарихи Едіге мен эпостағы Едіге бейнесі, эпостың ареалы туралы көзқарастарын көрсететін әдебиеттермен ұсынылған.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі тарихнамалық зерттеулерге тән әдістер қолданылды. Осы жұмыста қарастырылатын ғылыми мәселенің тарихи кезеңдік ерекшеліктері болғандықтан және оларды белгілеп көрсету үшін *хронологиялық әдіс* қолданылды. Осы әдіспен бір бағытта жалпы ғылыми ауқымда да, жекелеген елдерде тарих ғылымының дамуы шеңберінде де тарихнамалық ойдың өзгеру кезеңдерін анықтаудың маңызды әдіс – *периодизация* (кезеңге бөлу) әдісі қолданылды. Сондай-ақ, бұл әрбір белгіленген кезеңнің хронологиялық шеңберін негіздеу, белгілі бір тарихи оқиғалар мен фактіге байланысты орын алатын негізгі «тарихнамалық дәуірлерді» анықтау міндетімен тығыз байланысты. Жыр зерттеу тарихын тарихнамалық дәстүр бойынша салыстырмалы төрт кезеңге бөліп қарастырылады: 1) *революцияға дейінгі (XIX ғасыр II жартысы – Советтік билік орнағанға дейінгі кезең)*, 2) *сталиндік-советтік (1920-1950-ші жылдар)*, 3) *постсталиндік-советтік (1960-1980-ші жылдар)*, 4) *қазіргі заман кезеңі (1990 жылдар және бүгінгі күндер)*. Біз барлық кезеңді бір мақала аясында сипаттау мүмкіндігі мен әлеуетінің төмен болуына байланысты осы жұмыста алғашқы екі кезеңді талдаумен ғана шектелеміз, ал қалған екі кезеңді қарастыруды болашақ зерттеулердің еншісіне қалдырамыз.

Зерттеуде Едіге жырының тарихнамалық кезеңдері тарихнамалық зерттеулерге тән концептуалистік және антропологиялық зерттеу үлгілері негізінде қарастырылды.

Концептуалистік зерттеу үлгісі бойынша тарихнамалық мәселе аясында авторлар идеяларының, концепцияларының эволюциясы, мәтіндегі әдіснамалық теориялар мен әдіс-тәсілдер тұрғысында қарастырылса, антропологиялық үлгі бойынша алдыңғы орынға автордың шығармашылығына ықпал-әсер ететін қоршаған ортасы шығып, билік жүйесі, идеология, ғылыми қауымдастықтар мен жеке өмірі, ғалымның зертханасы тұрғысында сөз қозғалады.

Біз үшін Едіге жырын зерттеудің бірінші кезеңі – XIX ғасыр екінші ортасынан бастап, революцияға дейінгі аралықты тарихнамалық зерттеулердегі концептуалистік үлгі аясында, ал екінші кезеңді – XX ғасырдың 20 жылдары мен XX ғ. екінші жартысын антропологиялық зерттеу аясында қарастыру тиімді көрінеді. Бұлай қарастырудың өзіндік қисыны бар. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, XX ғасырдың 20 жылдарына дейін Едіге жыры және жалпы фольклорлық материалдарды зерттеудің өзіндік дамуын байқай аламыз; алғашқы зерттеушілерге деректерді қарапайым түрде жинау, көшіру тән болса, XX ғасыр басында жыр нұсқаларын салыстырып талдау талпыныстарын көреміз, ғылыми зерттеулерде әдіснамалық ізденіс пен еркіндікті байқай аламыз. Яғни, бірінші кезеңді қарастыру барысында көз алдымызға Едіге жыры туралы тарихи-ғылыми білімнің қалыптасып, қарапайым күйден күрделі күйге ауысып дамуы орын алады.

Екінші кезеңде де Едіге жырына қатысты ғылыми білімнің дамуын анық көре аламыз және Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдары барысында осы тақырыппен қызығушылықтың



шарықтау шегіне жеткенін де көз жеткізе аламыз. Алайда, екінші кезең үшін советтік биліктің сталиндік басқару жүйесіне ауысуы себепті ғылымда әдіснамалық және идеологиялық тұрғыда күрт және күрделі бұрылыстардың орын алуы едігетанудың ғылыми-танымдық әлеуетіне карама-қайшы нәтижелер берді. Сондықтанда екінші кезеңді ғалым – билік дихотомиясы тұрғысында қарастыру тиімді көрінеді.

**Нәтижелер.** Едіге жырын зерттеудің бірінші кезеңі Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, И.Н. Березин, Г.Н. Потанин, Ә. Диваев, П.М. Мелиоранский, П.А. Фалев, В.В. Бартольд және т.б. зерттеушілердің есімдерімен тығыз байланысты. Бұл кезеңде Едіге эпосы бойынша бейнелеп айтатын болсақ, «...«бастапқы ғылыми капитал», эмпирикалық деректерді жинау жүзеге асырылды. Едіге жырын зерттеудің бірінші кезеңін тарихнамалық зерттеулердегі концептуалисттік тәсілмен қарастыру арқылы, Едіге жыры бойынша ғылыми білімнің қалыптасуының белгілерін (алғаш рет бірнеше ғылыми мәселелер мен міндеттер қойылғанын) көре аламыз. Бұл кезеңнің зерттеушілері жергілікті жыршы-ақындардан жырдың ауызша нұсқаларын естіп, хатқа көшіріп жинап, орыс тіліне аударумен ғана шектелген жоқ. ХХ ғасырдың басында зерттеушілер жинақталған «бастапқы ғылыми капиталды» негізге ала отыра, Едіге эпосы бойынша алғашқы талдау жұмыстарын жүргізе бастады.

Ер Едіге жыры жазба түрінде алғаш рет 1820 жылы «Сибирский вестник» журналының беттерінде Сібір зерттеушісі, тарихшы Г. Спасскиймен жарияланған болатын. Зерттеуші өз жарияланымында жырдың қазақ нұсқаларының бірін пайдаланып, оны қара сөзбен орыс тіліне аударып баспаға «Идиге. Киргизская сказка» атаумен шығарады (Спасский, 1820: 358-373). Ал 1830 жылы А. Ходзько Астрахань ноғайларынан Едіге жырын жазып алып, 1842 жылы Лондонда ағылшын тілінде жарыққа шығарады (Жирмунский, 1974: 351).

1841-1842 жылдары Шоқан Уәлиханов және оның әкесі Шыңғыс Уәлихановпен жазылған нұсқалардың тарихи маңызы өлшеусіз екені мәлім. «Уалиханов-Мелиоранский» классикалық варианты (Жирмунский, 1974: 353) деген атаумен ғылыми әдебиетке енген бұл жазбаның құндылығы бағасыз. Едігетану шынайы түрде ғылым саласы ретінде осы Шоқан Уәлихановтың көшірме қағаздарынан бастау алады деп айтуға болады. Ш. Уәлиханов Едіге жырының тарихи оқиғаларға негізделгенін атап өтіп, тарихи жыр деп («самый замечательный исторический джир киргизский, это - Идиге») сенімді түрде атайды (Уалиханов, 1904: 230). П.М. Мелиоранский жыр өз бойында Алтын Орда мен ХІV ғасырдың соңында қырғыз даласында маңызды роль атқарған көптеген тарихи тұлғалардың есімдерін сақтауымен аса зор қызығушылық тудыратынын айтқан болатын (Мелиоранский, 1905: 6). Академик В.М. Жирмунский «Шоқан нұсқаларын» жыр мәтінінің филологиялық тұрғыдан да, нұсқаның мазмұны бойынша болжамды архетипке жақындығы жағынан да зерттеуде ең сенімді дереккөз деп атайды (Жирмунский, 1974: 351). Отандық зерттеуші мамандар осы нұсқаны «Едіге туралы бар жырлардың ішінен көркемдігі, көлемі, көнелігі жағынан ең құндысы» деп жоғары баға береді. (Бабалар сөзі, 2006: 394). Сонымен қатар, бұл нұсқа бірнеше рет басылып, Едіге жырын «Шоқанның классикалық нұсқасы» аясында зерттеу тарихнамалық дәстүрге айналып үлгерді. Аталмыш нұсқа 1927 жылы Қаныш Сәтбаевтың кішігірім түзетулерімен және алғысөзімен Мәскеуде «Ер Едіге» деген атпен шықса, 1934 жылы жазушы С. Сейфуллин құрастырған «Батырлар жырларының жинағында» және 1939 ж. С. Мұқановтың «Батырлар жыры» жинағында жарыққа шығады (Жирмунский, 1974: 353). Шоқан нұсқасы өзінің ғылыми маңыздылығын Тәуелсіздік жылдарында да жоғалтпай, әлі күнге дейін өміршеңдігін сақтап отыр. Атап айтқанда, 1990-шы жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін Едіге жырының Шоқан нұсқасы елімізде қайтадан бірнеше рет басылып шықты (Бабалар сөзі, 2006: 392).

Ш. Уәлихановтан кейін, Едіге жырының нұсқаларын жинастыру ісін академик В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә.А. Диваев және т.б. ғалымдар жалғастырады. Жалпы осы кезеңде қазақ халқының ауыз әдебиетін, фольклорлық мұрасын жинау жұмыстары кең қанат жайып, жинақтардың саны арта түседі. Фольклортанушы мамандардың пікірі бойынша «1860 жылдардан бастап қазақ ауыз әдебиеті кең түрде жинала бастаған... Қазақ фольклорын жинаумен қатар, зерттеу мақсаты 1880-1900 жылдар арасында мықтап қолға алынды» (Жүсіпов, 2007: 8).



Аталмыш кезеңде фольклорлық мұралардың жинаудың, жазып алудың мақсаты, әдіс-тәсілдері де ерекшеленіп, белгілене бастады. Мәселен, В.В. Радловтың (1837-1918) мамандығы бойынша тілтанушы-ғалым болуы да, оның шығармашылығына өз ізін түсірмей қоймаған секілді. Оның фольклорды жинау әдісіне халық ауыз әдебиет мұраларын өзгеріссіз дәл жазып алуға тырысқаны белгілі (Алпысбаева, Әуесбаева, 2017: 148). Ол 1866-1872 жылдары аралығында «Едіге» жырының Барабы, Омбы татарларынан үш, телеуіттерден бір нұсқа жазып алып, кейін 1896 жылы Қырым даласынан тағы да төрт нұсқасын тауып, «Образцы народной литературы северных тюркских племен» атты еңбегінде жариялайды.

В.В. Радлов еңбектерінде негізінде – жергілікті түркі халықтарының тілдік құрылысын дұрыс түсіну идеясы және сол мақсатта этнографиялық материалды қысқартусыз, өзгертусіз жазып алу болса, көрнекті фольклортанушы, этнограф Г.Н. Потанинді «фольклордың көне түрі болып саналатын қазақтың аңыздары мен ертегілері көп қызықтырған (Жүсіпов, 2007: 19).

Г.Н. Потанин тарихи Едіге мен миф-аңыздық Едіге екі бөлек заманда өмір сүрген жайлы пікірді ұсынады. Зерттеушінің пікірінше, аңыз Едіге бейнесі Алтын Орда дәуіріндегі тарихи Едігеден бұрын пайда болған және аңыз бейне Сүлеймен патша мен Шыңғыс хан бейнесінен көшіріліп, кейін тарихи Едігеге бейімделіп өзгертілген. Жыр түркі-татар халықтарына батыстан шығысқа қарай емес, керісінше шығыстан (моңғол араласып, Шыңғыс хан бейнесі Едігемен алмастырылған) батысқа қарай тараған (Потанин, 1897: 323-324). Жалпы, Потаниннің осы құрылымы ерекше, ойлары жүйрік еңбегінде тарихи фактологиялық қателіктер тым көп кездеседі. Оның мифтық Едігенің қасиеттері кейін тарихи Едігеге танылды деген болжамын В.В. Бартольд жоққа шығарып дәлелдегені белгілі (Бартольд, 1966: 369-370).

Алайда, Едіге жырын алғаш рет терең ғылыми талдау жасаған шығыстанушы, Петербург университетінің профессоры П.М. Мелиоранский болды. Профессор П.М. Мелиоранский Шоқан нұсқасын алғаш рет 1905 жылы Санкт-Петербургте жарыққа шығарады. П.М. Мелиоранский жырға алғысөз жазып, қызықты қорытындыларға келеді. Атап айтқанда, Едіге мен Тоқтамыс жайлы жыр-әфсананың жекелеген бөліктері жырдың басты кейіпкерлері өмір сүрген уақыта пайда болуы мүмкін деген жорамал жасайды: «Мы думаем, что сказание об Едиге и Тоқтамыше сложилось давно; вероятно даже певцы слагали отдельные песни о них еще во время их жизни» (Мелиоранский, 1905: 13). Профессор П.М. Мелиоранский Шоқан нұсқасын 1883 жылы Санкт-Петербург императорлық университетінің шығыс тілдер оқытушысы М.-Э. Османовпен жарияланған ноғай нұсқасымен салыстыра отыра, аңыз-жыр алдымен ноғайларда пайда болып, кейін олардан қазақтарға тараған деген болжамды тарихнамада бірінші болып ұсынады (Мелиоранский, 1905: 5).

П.М. Мелиоранский жырдағы эпикалық кейіпкер Баба Түкті Шашты Әзіз бен Қожа Ахмет Яссауи тарихи тұлғасы арасындағы байланысын зерттеп, олардың Едіге жырының ноғай және қазақ нұсқаларында ұқсастырылып, теңестірілуі мүмкін немесе олардың бейнелері бір-бірімен араласып кеткен, немесе екеуі бір кейіпкер болуы тиіс деп болжайды (Мелиоранский, 1905: 10). Осы ойын ол одан әрі өрбітіп, Едіге мен Қожа Ахмет Яссауи арасындағы байланысты Әмір Темір тарихи тұлғасы арқылы ашуға тырысады: «Темірдің Қожа Ахметті қатты құрметтегені мәлім, оған күмбез-кесене орнатып, Едігегені әр кез қорғап, сүйеу болғаны белгілі; бұл өз кезегінде осы тұлғалардың аңыздағы өзара байланысының туындауына себеп болуы да мүмкін» (Мелиоранский, 1905: 10).

Жоғарыда келтіріліген жайттар, едігетанудағы П.М. Мелиоранскийдің орнын ерекше айқындап белгілеуді қажет етеді. Академик В.М. Жирмунский кезінде П.М. Мелиоранскийді Едіге туралы эпикалық әңгімелердің зерттеушісі ретінде осы бағытта алғаш жол салған ғалым ретінде бағалағаны мәлім (Жирмунский, 1973: 142). Шынында да, П.М. Мелиоранскийдің едігетанудағы орны мен рөлі аса зор. Ол Едігеге қатысты жырлар мен аңыздардың тарихи негізін айқындап, эпикалық негізгі кейіпкерлерді тарихи тұлғалармен теңестіріп, олардың байланысын анықтады. Ғалым Шоқан нұсқасын Едіге жырының ноғай, қарақалпақ, Сібір татарлары мен Қырым татарларының нұсқаларымен салыстырып, едігетану саласындағы болашақ зерттеулерге бағыт бағдар қойды: «жырдың нақты таралу аймағын анықтау, барлық нұсқаларды салыстыру, әзірге белгісіз нұсқаларын жинап, аудару және жариялау» (Мелиоранский, 1905: 14).

Сонымен қатар, П.М. Мелиоранский едігентану саласында өзіндік мектепті қалыптастырды десек артық болмайды. Едіге жырын зерттеу барысында П.М. Мелиоранскиймен белгіленген ғылыми мәселелер (Едігенің шығу тегі, эпостың таралу аймағы) мен міндеттерді өзектілігін жоғалтпай, кейінгі зерттеушілердің жұмыстарына арқау болады. Оның ісін жалғастырған дарынды шәкірттері де болды. Мысалға, И. Беляев Шымбайда Едіге жырының қарақалпақ нұсқасын хатқа түсіріп, ғылыми айналымға енгізсе (Жирмунский, 1974: 352), П.М. Мелиоранскийдің ең ірі әрі танымал шәкірті және кафедрада ізін басушы, Академик А.Н. Самойлович Едіге жыры бойынша ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1911 жылы ол ұстазының Едіге жырының нұсқаларын салыстыру идеясын іске асыру мақсатында Петербург университетінің қабырғасында өз шәкірттеріне «Едіге мен Тоқтамыс туралы дастанының белгілі нұсқаларын тілдік, поэтикалық түрі мен мазмұны жағынан салыстыру және аңыздың орыс тіліндегі жиынтық мәтінін даярлау» медальдік (дипломдық) ғылыми жұмыс тақырыбын ұсынады (Самойлович, 1973: 186). Ғылыми жұмыс үшін медальді А.Н. Самойловичтің дарынды шәкірті П.А. Фалев ұтып алады. П.А. Фалев жоғарыда айтқандай, бұл еңбекте Едіге жыры және онымен бірге Шора батыр жырлары қазақ даласына ноғайлармен бірге келген деген даулы (Мелиоранский пікірімен үндес) теорияны ұсынады. Оның айтуы бойынша «Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейін, ноғайлықтар өздерінің даңқты әскери тарихын ұмытпай, өз ұлыстарынан сыртқа шығып, көрші хандықтар мен тайпаларға әскери істерге араласып, жалданып қызметке тұрған. Осы тарихи кезеңде олар өздерімен бірге жырларын тұтас Орта Азия мен Алтайға дейін таратады» (Самойлович, 1973: 187-188).

Осы тұста айта кететін бір жайт, 1938 жылы А.Н. Самойлович кезінде қазандық зерттеуші Н. Хакимовпен омбылық татарларлардан жазып алынған Едіге жырының нұсқасына алғысөз жазып, онда ол П.М. Мелиоранский, П.А. Фалевтің Едіге жырының ноғайлық шығу тегі туралы теориясына С. Сейфуллиннің «Батырлар жырлар жинағы» еңбегінде (1934 ж) қарсы ой-тұжырым айтқан ұстанымын қолдайды. Осы жерде А.Н. Самойлович Едіге жырының шығу тегіне байланысты аса маңызды ой тастайды: «С. Сейфуллин қазақтар мен ноғайлар тарихы мен эпосының ішкі байланысына назар аударуды талап етеді және бұл уәжбен келіспеуге болмайды, бұл өз кезегеніде Едіге жыры және өзге де ноғай жырлары тарихи тұрғыдан тек ноғайлардың ғана емес, қазақтардың, қарақалпақтардың және тарихы Алтын Орданың бай тарихи өткенімен байланысы бар халықтардың ортақ мұрасы болды деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді» (Самойлович, 1973: 191).

Осылайша, Мелиоранский мектебі мысалында біз ХХ-ғасырдың 20 жылдардың екінші жартысына дейін Едіге жырына қатысты ғылыми білімнің қалыптасып, алғашқы теориялық тұжырымдардың пайда болғанына көз жеткізе аламыз. Ғылыми талдау жұмыстары ғылыми кеңістіктің орталығында, Ресей империясының ірі қалаларындағы оқу орындарында шығыстанушы ғалымдармен жүргізілсе, перифериялық аймақтарда, фольклорлық деректермен жұмыс әлі де болса жоғары кәсіби-ғылыми деңгейге көтеріле қойған жоқ еді. Дегенмен де баяу болса да, орталықтың ғылыми білімінің ықпалы жергілікті аймақтарға жетіп, ғылыми білімнің нышандары орын ала бастайды. Біріншіден, жарияланымдар саны арта бастайды. Мысалы, 1900 жылы ресейлік империялық билікті насихаттаушы «Дала уәлаяты» газетінің 47 санында «Орта жүз» атты бүркеншік есіммен Отыншы Әлжановтың «Едігенің төресі» атты мәтіні жарыққа шығады (Бабалар сөзі, 2012: 347). Шамамен осы уақыт аралығында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да Ер Едіге туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелерді жинастырып, жариялайды. (Бабалар сөзі, 2012: 346). Екіншіден, сан сапаға ауыса бастайды. Шамамен, 1920-шы жылдардың басынан бастап, қазақ фольклорын, соның ішінде Едіге жырын жинау және жариялау ісі бұқаралық көпшілікке арналған еңбектерден ғылыми-көпшілікке бағытқа ауыса бастағанына көз жеткізе аламыз. Енді фольклорлық материалдарды өз күшімен жинау, жариялаумен әуесқой ізденушілер айналыспайды. Кеңестік билік осы бағытта зерттеу жобасын құрып, оған арнайы білімі мен біліктілігі бар адамдарды этнографиялық экспедицияларға жұмылдырады. Осындай экспедициялардың нәтижесінде 1922 жылы Ташкент қаласында Әбубәкір Диваевтың «Батырлар» жинағы шығады. Бұл жинаққа ХІХ ғасырдың аяғында ХХІ ғасырдың аяғында халық арасынан жиналған фольклорлық мұра іріктеліп, Қобыланды батыр мен Шора батырға

арналған жырлармен бірге Едіге эпосының кезекті нұсқасы еніп, ол «Мырза Едіге батыр» деген атпен жарияланады (Жүсіпов, 2007: 118).

XX ғасырдың 20-шы жылдың ортасы және 40-шы жылдардың ортасы Едіге жырының зерттелу тарихының екінші кезеңі деп атауға болады және бұл жырды зерттеудің ең гүлденген кезеңі болды. Әсіресе, 1925-30-жж. аралығын ерекше бөліп атауға болады. Бұл кезеңде советтік-марксистік тарихи мектебінің қалыптасуы әлі аяқталмаған еді, сондықтан кейбір тарихшылар үшін саяси тақырыптардан тыс бағыттармен айналысуға мүмкіндіктері болды. Сонымен қатар, осы кезеңде одақтас республикаларда ұлттық мәдениет жанданып, тарихи және фольклорлық зерттеулер қарқын алды.

1925 жылы 18 маусымда (Сталин билікте отырғаны бір жыл) шыққан Коммунистік партияның Орталық Комитеті «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысы әдебиет саласындағы жаңа бағыт айқындала түседі. Қаулыға сәйкес, пролетариат диктатурасын орнатқан елдің мәдениетін де пролетариат мүддесіне ыңғайлау керек. Осы қаулы аясында жүргізілген шаралардан кейін өзге ұлттық әдебиеттердегідей, қазақ әдебиетінде де таптық көзқарас үстем болып, қазақ қоғамын бай мен кедейге бөліп, кедейден жағымды кейіпкер, ал байдан қас дұшпан кейпінде суреттеу белең алды (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2004:17).

Осы кезеңнен бастап, қоғамдық ғылымдар, мәдениет саласының бағытында терең бет-бұрыстар орын алып, қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістер ғылым мен мәдениеттің мазмұнын, ғалымдардың шығармашылығына, олардың «ішкі лабораториясына» өз әсерін тигізді. Осы тұрғыда Қ. Сәтбаев пен Ә. Марғұлан сияқты ғалымдардың шығармашылығын, оның зерттеу бағыты мен нысанының күрт ауысуының (Ә. Марғұланмен болған оқиға) себебін ғалымның жеке өмірбаяны (антропологиялық зерттеу моделі) аясында қарастырған жөн деп санаймыз.

1925 жылдың ортасынан бастап, советтік жас билік таптық танымды барынша үгіттеп, И.В. Сталиннің болашақ социалистік мәдениет жайлы әйгілі «мазмұны бойынша пролетарлық, түрі бойынша ұлттық» тұжырымдамасын (Сталин, 1952: 138) ұсынады. Қоғамда жоғары жақтан келген сұранысты дәл ұғып, оның қалыбы мен мазмұнына сай келетін төменнен ұсыныс қажет болды. Жаңа идеологияға жаңа кейіпкерлер, жаңа үлгілер керек болды. Ондай кемел түлғаны тарихи өткеннен іздейтіні белгілі.

Осы жылдары Қ. Сәтбаев сияқты зиялы қауымның жас буыны жоғарыдан келген ұсынысты дәл ұғып, советтік-марксистік идеологияға сай келетін кейіпкер ретінде Едігені ұсынады. Қазақстанда Едігені канонизациялау үдерісі басталып, енді Едіге эпикалық батырдан идеологиялық қаһарманға көбірек ұқсай бастайды. Едігені ұлттық (шын мәнісінде советтік-марксистік) қаһарман ретінде пайдаланудың өз логикасы болды. Тарихи Едігенің Шыңғыс хан ұрпағы болмауы, әрі халық арасында Едіге жайлы «Ел қамын жеген Ер Едіге» сияқты эпитеттердің таралуы, оның бейне-образын советтік қоғамға жат «хандық-феодалдық» өткенге қарсы қоюға өте ыңғайлы болып шықты. Бұл бір жағынан Сәтбаев бастаған топтың советтік ғылымда орнап жатқан идеология диктатынан қашып сытылудың, шығармашылық эскапизмнің бір көрінісі деуге де болады. Едіге жайлы жаза отыра, жаңа ғана қалыптасып келе жатқан советтік-марксизм іліміне терең бойлап кірудің қажеті болмады. Ал қалыптасып жатқан, өз «шекарасы» анықталмаған жас советтік марксизммен тым терең айналысу осы кезеңде отпен ойнаумен тең болды. Қалыптасып жатқан құрылымдар тұрақсыз болатыны белгілі, сондықтанда, кешегі айтылған сөз, ертең өзіңе тас боп атылуы әбден ықтимал еді.

Жырдың Мәскеуде жариялануының да маңызы зор болды және осыдан кейін Қазақстанда Едігетану ерекше қарқын алды. Тарихшы Ж. Сабитовтың пікірі бойынша 1927 жылдан бастап, елде Едігені жаппай канонизациялау басталады. Қ. Сәтбаев айналасына жиналған «Сәтбаев тобы» - ғалымдар, жазушылар, ақындар мақсатты түрде Едіге бейнесін алға жылжытып, Едігеге арналған мақалалар, өлеңдер жазылады, көркемдік кештерде сахналық қойылымдар жүреді. Енді қарасүйек Едіге марксистік таным бойынша қарапайым халықты қанаушы («эксплуататор») хандар мен бай-феодалдарға қарсы күрес жүргізген, «ел қамын жеген Ер Едігеге» айналып, советтік қазақ тарихының басты ұлттық қаһарманы болып шыға келді (Сабитов Ж. «Золотая Орда для казахов – это то же самое, что и распад СССР» (Сабитов, 2021).

Қ. Сәтбаевтың 1927 жылғы кітабының сөз басы бөлімінде біз әлі айқын марксистік сарындағы ойларды көре алмаймыз, тек оның жұмсақ сұлбасын ғана байқаймыз. Себебі түсінікті де, бұл уақытта советтік ғылымның басты постулаттары мен қағидалары әлі қалыптасып үлгермеген кез. Қаныш Сәтбаев «Ер Едіге» кітабына сөз басында жырдағы Едігенің жағымды бейнесі халықтың шығармашылығынан туған дүние екенін көрсеткісі келеді, оны халықтың сүйген батыры, әділ биі ретінде ерекшелеп көрсетеді: «...ел аузындағы ескі сөз көпшіліктің ар иманының айнасы деуге болады. ...Көпшілік екпінді, қауырт: оның бетінде орталық болмайды. Біреуді сүйсе оны тым ардақтайды, бойына жапсырмайтын қасиеті болмайды: теңіздей терең ақыл, болаттай берік қажыр, таудай биік дәреженің бәрін де оның бойына жалғайды. Едіге осындай ел сынының шын сүйген, шын ардақтаған ерлерінің бірі» (Сәтбаев, 2007: 327).

Едіге жырын насихаттау, зерттеу соғыс жылдарында да жалғасты. 1942 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ.И. Сәтбаев Мұрын жырауды Алматыға алдыртып, оның жадында (академик С. Садырбаев пікірінше, жырау 40 мың жолдық жырды жатқа айтқан (Садырбаев, 2015: 12) сақтаулы әдеби мұраларды ғалымдарға жаздыртып алады (Бабалар сөзі, 2008: 425). Соғыс жылдарында фольклорлық мұраны жинаудың өз мақсат-міндеттері болған сияқты. Майданда, түркі халықтарынан шыққан жауынгерлер Ер Едіге есімін ұран етуі, билікті батырлар жырларының кейіпкерлерін кеңірек, бұқаралық деңгейде насихаттауға итермелеген сияқты (Марғұлан, 2007: 92; Абткаримов, 2019: 48).

Соғысқа дейінгі жылдары батырлық жырларды, соның ішінде Едіге тақырыбымен ғылыми түрде зерттеуге Әлкей Марғұлан да айналыса бастайды. Осы жерде Ә. Марғұланның одан арғы ғылыми және ғылыми-көпшілік ізденістеріне зер салатын болсақ, 1938-1946 жылдар аралығында ғалым негізінен фольклорлық зерттеулермен айналысқанын көре аламыз (Марғұлан, 1984: 25). 1947 жылдан бастап, ғалымның зерттеу бағытында күрт бұрылыстар, орын алып, ол енді археологиялық зерттеулер тақырыбында мақалалар жариялап, археология саласына бір жолата ауысқанын көре аламыз (оған дейін ғалымның археология саласы бойынша шыққан бірде бір мақаласын көре алмаймыз).

Болашақ археолог-ғалымның бұл тақырыппен қызығуы еш кездейсоқтық емес. Әлкей Марғұланды, Мұхтар Әуезовпен бірге, жоғарыда аталған «Сәтбаев тобына» еш күмәнсіз жатқызуға болады. 1925 жылы М. Әуезовтің кеңесімен ол Ленинградтағы Шығыстану институтына оқуға түседі, «Сен Семейде қалма, менімен бірге Ленинградқа жүр, сол арада жоғары білім алып, ғалым болудың жолына түс» (Марғұлан, 2007: 35). 1929 жылы қорғаған дипломдық жұмыс тақырыбы да (Абай шығармашылығы туралы) М. Әуезовтың ықпалымен таңдалған секілді. Ғалым кейінгі 1931-1934 жылдары Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының (ГАИМК - Государственная академия истории материальной культуры) аспирантура бөлімінде оқиды. Алайда, осы жылдары денсаулығына байланысты ғылым мен толыққанды айналыса алмайды (Бустанов, 2017: 63). Осыған қатысты. Ә. Марғұланның ғылыммен айналыса алмаудың өзге де болжамды себебі айтылады. Ленинградтық оқу жылдарында жас ғалым Алаш зиялыларымен тығыз байланысы үшін ОГПУ назарына іліккен сияқты (Азаров, 2019). 1937 жылы ғалым ғылыми зерттеу жұмыстарын қайтадан бастап, 1938 жылы «Халық мұғалімі» журналының №23/24 санында «Халық жырын туғызудағы мотивтер» атты эпос тақырыбында алғашқы мақаласы шығады. Ал 1940 жылы осы тақырыпта екі мақаласы шығады - 1) «Эпос жыры туралы». Халық мұғалімі журналы, №4, 2) «Едыге и Орак Мамай». Литература и искусство Казахстана, №2 (Марғұлан, 1984: 34). 1941 жылы Литература и искусство басылымында «Геройлық жыр тудырудың бірінші дәуірі» атты мақаласы, 1944 жылы «Едыге в истории и преданиях» атты кітабы жарыққа шығады. 1945 жылы «Эпические сказания казахского народа» («Қазақ халқының эпикалық жырлары, мифтері, ертегілері, аңыз әңгімелері») тақырыбында қазақ ғылымы тарихында (батырлық жырларды зерттеу саласында) алғаш рет докторлық диссертация қорғайды. Алайда, 1947 жылдан бастап, филология саласының (екі мәрте) дипломды маманы тарих саласы (археология) бойынша еңбектерді жариялай бастайды (Марғұлан, 1984: 36).

1944 жылы 9 тамызда Едіге жырын ұлтшылдық элементтері бар деген айыппен Татарстанда шыққан Қаулының салқыны көп кешікпей Қазақстанда да сезілді. Республикалық партиялық



газет-журналдарда реценциялық мақалалар шыға бастайды. 1947 «Қазақстан большевигі» газетінің бірінші санында партиялық қызметкер Б. Степановтың «Қазақстанның қоғам ғылымдары қызметкерлерінің идеологиялық қателіктері» атты мақаласы шығады. Мақалада Б. Степанов «қоғам ғылымдары қызметкерлерінің ісіндегі ірі бір кемшілік, олардың күнделікті тақырыптардан, Қазақстан өмірінің совет дәуірі кезіндегі мәселелерден қол үзуі, қазақ халқының революцияға дейінгі өткен өмірінің тақырыптарымен айрықша шұғылдануы болып отыр» деп сынады (Степанов, 1947: 36). Оның айтуы бойынша Қазақстанда Азамат соғысы туралы, «Ұлы Октябрь» революциясы туралы, Қазақстанды социалистік индустрияландыру және ұжымдастыру туралы, мәдени революциялар туралы монографиялар жоқ (Степанов, 1947: 37). Тарихи шындықты бұрмалау айыбы Ә. Марғұланға да тиеді. Әңгіме Ә. Марғұланның «Едыге в истории и преданиях» (1944 ж.) еңбегі жайында. «Филология ғылымдарының докторы Марғұлан өзінің «Тарихтағы және ел аузындағы Едіге» деген кітабында қазақ халқының барлық жақсы ерекшеліктерін орыс халқының зұлым жауы Едігенің басына үйіп төгеді, оның халықтың нағыз уәкілі деп атайды. Тарихи шындықты бұрмалау мақсатымен, авторы тура фальсификацияға түсіп отыр» (Степанов, 1947: 42).

Степановтың сын-пікірдің арқасында (кітаптан цитаталар-дәйексөздер жасалынады – Т.У.) біз Ә. Марғұланның осы кітабынан үзінділерден, оның басты идеяларынан хабардар бола аламыз. «Марғұлан ... фактыға мүлдем қайшы қорытынды жасайды: «Сонымен Едіге біздің қазіргі өмір сүріп отырған Ұлы Отанымыздың қорғаушысы болды» (?) (93 бет)» (Степанов, 1947: 42). Дәйексөз соңында одағай белгісінің қойылуы – Степанов үшін Едігені батыр ретінде қарастыру нағыз еретизм. «Тарихты фальсификациялап, Марғұлан тек орыстың ғана емес, қазақ халқының да жауын – қазақ халқының «батыры» етеді» (Степанов, 1947: 42).

Б. Степановтың мақаласынан кейін репрессивті машина қарқын алып, идеологиялық қысым ХХ ғасырдың 50 жылдардың ортасына дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында тарихшы ғалымдар бұрынғы тезистерінен бас тартып, ғылыми мәтіндеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізуге мәжбүр болады. Ә. Марғұлан партиялық билік тарапынан дау туғызған «Едыге в истории и преданиях» атты кітабын қолданыстан алып, жойып жіберген сыңайлы (кітаптың бір де бір данасы осы күнде табылмай отыр).

Саяси-идеологиялық қысым ХХ ғасырдың 50-ші жылдарына дейін жалғасып, И. Сталин өлімінен кейін ғана тоқтады. Ал оның салдары 70-80-ші жылдарға дейін созылып, Едіге тақырыбын зерттеуге тыйым салынды. Бұл едігетану саласына, оның ғылыми әлеуетін әжептеуір тежеп, ғалымдар бұл тақырыптан айналып өтуге мәжбүр болды. Тек 1970-ші жылдары академик В.М. Жирмунскийдің Едіге жырының тарихнамасына қатысты мақаласы (Жирмунский, 1973: 141-185) шығып, едігетану саласындағы үнсіздік тыйылады.

**Қорытынды.** Едіге жырын зерттеу тарихының кезеңдерін қорытындылай отыра, олардың келесі негізгі ерекшеліктерін атап өтуге болады. ХІХ ғасыр аяғына дейін Едіге жырын зерттеу көбінесе этнографиялық сипатта (жинау, қағазға түсуі, аудару) жүрсе, ХХ ғасырдың басынан бастап, Едіге жырына қатысты алғашқы ғылыми талдау жұмыстары жүргізіледі. П.М. Мелиоранский және оның шәкірттері Едіге жырына қатысты, оның пайда болу, таралу орны бойынша даулы теориялар ұсынып, кейінгі зерттеушілердің ғылыми ізденістеріне бағыт-бағдар берді. Дегенменде, осы кезеңде Едіге жырын зерттеудің ғылыми мектебі қалыптасып, зерттеу жұмыстарының саны мен сапасы артқанымен, бұл зерттеулерге кәсіби тарихшы көзқарасымен жазылған еңбектер жетіспей тұрды. П.М. Мелиоранский, А.Н. Самойлович және т.б. ғалымдар Едіге жырының тарихилық деңгейіне жоғары баға бергенімен, олар негізінен филологиялық (жанрлық, поэтикалық көркемдік, тілдік, көлемдік ерекшеліктер) тұрғыда зерттеп, тарихи мәселелерді өз еңбектерінде тек жанама түрде талдады.

Едіге жырын зерттеудің екінші кезеңінде советтік билік едігетану саласын қысқа уақыт ішінде таза ғылыми бағыттағы жолынан, идеологиялық құралдың кезекті рөлін атқарудың тайғақ жолына түсірді. Енді едіге жайлы зерттеулердің бағытын ғылыми мақсат-мүдделер емес, советтік шынайылық күнтәртіндегі саяси міндеттер анықтап отырды. 1920-шы жылдардың аяғы мен 1930-шы жылдарда Қ. Сәтбаев және әсіресе, С. Сейфуллин, С. Мұқанов еңбектерінде марксистік идеологиялық танымға сай Едігеден жаңа жинақ бейне жасала бастайды.

Осылайша, эпикалық Едіге «советтік Едігеге» айналып, Ер Едіге эпосы – таптық күресті әйгілейтін халықтық жырға айналады.

Советтік билік идеологиялық майданда терең әрі кенеттен «бұрылыстар» жасап отырғандықтан, тарихшылардың мансап, тіршілік үшін күресі олардың бойынан асқан машықтар мен қабылеттерді талап етті. 1944 жылғы Татарстанда шыққан Қаулыдан кейін Едіге жырымен айналысқан ғалымдарға қудалау науқаны жүріп, едіге саласының қарқынды дамуын тежеген болатын. Едіге жыры батырлар жыры жинақтарынан шығарылып, едігетанушы ғалымдарға (Ә. Марғұлан оқиғасы) өз зерттеу нысанын ауыстырып, қауіпсіз әрі қолайлы тақырыптарды таңдауға тура келді. Нәтижесінде, Едіге мен Алтын Орда тақырыбының отандық тарих ғылымынан ұзаққа тыс қалып, ғалымдардың басым бөлігі сол кезеңнің мейнстрим тақырыптары арқылы ғылыми мансаптарын жүзеге асырды.

### ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Абткаримов У.М., Айтбаев А.Б. Историография ногайлинского героического эпоса от казахских сказителей-жырау и акынов XIX в. – первой половины XX в. // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия – Исторические науки. Философия. Религиоведение. – Нұр-Сұлтан, 2019. №2 (127). – С.47-55.

Азаров А. «Алькей Маргулан и жернова репрессий, Трудные отношения ученого с советской властью» веб-сайт «Азаттық» [электронный ресурс], 2019 <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-soviet-scientist-alkey-margulan/30101609.html> (қаралған мерзімі: 29.03. 2022).

Алпысбаева Қ.Б., Әуесбаева П.Т. «Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы».- Алматы, «Әдебиет Әлемі» 2017. – 336 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. Т.39. – Астана: «Фолиант», 2006. – 48 б.

Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. Т. 50. – Астана: «Фолиант», 2008. – 464 б.

Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Тарихи аңыздар. Т. 85. Астана: «Фолиант», 2012. – 416 б.

Бартольд В.В. Сочинения. //Работы по археологии, нумизматике, эпиграфике и этнографии. Т. IV. – Москва, «Наука» 1966. – 495 с.

Бустанов А. Между нацией и артефактом: восточная археология в Советском Казахстане // Мусульмане в новой имперской истории: Сб. статей/отв. ред. и сост. В.О. Бобровников... М.: ООО «Садра», 2017. – 424 с.

Валиханов Ч.Ч. Сочинения Чокан Чингисовича Валиханова / Изд. под ред. [и с предисл.] д. ч. Н.И. Веселовского. – СПб.: Тип. гл. упр. уделов, 1904. – С. 532.

Жирмунский В.М. П.М. Мелиоранский и изучение эпоса «Едигей» // Тюркологический сборник. – Москва: Наука, 1973. – С. 141-185.

Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Избранные труды. – Л.: Наука, 1974. – 728 с.

Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Павлодар, 2007. – 381 б.

Кушкумбаев А.К. «Ақ Орда» в тюркском эпическом жыре «Ер Едіге» / Золотая Орда: история и культурное наследие: сборник научных материалов / Отв. ред. А.К. Кушкумбаев. – Астана: ИП «BG-PRINT», 2015. – 182 с.

Кушкумбаев А.К. Предисловие / Золотая Орда: история и культурное наследие: сборник научных материалов / Отв. ред. А.К. Кушкумбаев. – Астана: ИП «BG-PRINT», 2015. – 182 с.

Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 7-том. Алматы. ҚАЗАқпарат., 2004. – 462-б.

Марғұлан Ә.Х. Қазақстан ғылымдарының библиографиясына материалдар. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, Алматы. – 1984. – 66 б.

Марғұлан Ә.Х. Шығармалары – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 – I том – 608 б.

Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. – III-том. – 488 б.

Мелиоранский П.М. Сказание об Едигее и Тохтамыше. Отдельный оттиск приложения к XXIX тому «Зап. Имп. Русск. Геогр. Общ. по отд. Этнографии». – СПб.: Типо-литогр. И. Бораганского, 1905. – 50 с.

Потанин Л.Г. Тюркская сказка об Идыге // Живая старина. Периодическое издание отделения этнографии ИРГО. Под ред. В.И. Ламанского. Вып. III-IV. Год седьмой. СПб. 1897. С. 294-350.

Сабитов Ж. «Золотая Орда для казахов – это то же самое, что и распад СССР» Журнал Exclusive. [Электронный ресурс] // <https://www.youtube.com/watch?v=-7JT6IxJJtY&t=331s> (қаралған күні: 29.03. 2022).

Сабитов Ж.М. Второстепенные персонажи эпоса Едиге // Золотая Орда: история, государственность, культурное наследие. Нур-Султан: «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2019. – С. 97-112.

Садырбаев С. Ғалымның хаты: ғылыми зерттеулер, мақалалар, естеліктер, көсемсөздер, ой-толғамдар. Алматы: «Дәуір-Кітап», 2015. – 340 б.

Самойлович А.Н. Вариант сказания о Едигее и Тохтамыше, записанный Н. Хакимовым // Тюркологический сборник. 1972. М.: Наука. 1973. С. 186-211.

Сәтбаев Қ. Тандамалы. 1 томдық // Құраст. К.А. Ақышев, Т.М. Әлжанов – 2-ші бас. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. – 384 б.

Спасский Г. Сибирский вестник. Часть девятая. 1820. – 373 с.

Степанов Б. Қазақстанның қоғам ғылымдары қызметкерлерінің идеологиялық қателіктері // «Қазақстан большевигі» газеті, 1947. №1. – 35-48 бб.

#### REFERENCES:

Abtkarimov U.M., Aitbaev A.B. Istoriografiya nogajlinskogo geroicheskogo eposa ot kazahskih skazitelej-zhyrau i akynov XIX v. – pervoj poloviny XX v. [The Historiography of the Noghaic heroic epic from Kazakh narrators-zhyraus and aqyns of the 19th and first half of the 20th century] // Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya – Istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie. Nur-Sultan, 2019. №2 (127). – P. 47-55. [In Russian].

Azarov A. «Al'kej Margulan i zhernova repressij, Trudnye otnosheniya uchenogo s sovetskoj vlast'yu» ["Alkey Margulan and the millstones of repression, Difficult relations between a scientist and the Soviet authorities"] veb-sajt “Azattyk” [Elektronnyy resurs] <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-soviet-scientist-alkey-margulan/30101609.html> (Accessed: 29.03. 2022). Internet sources. [In Russian].

Alpysbaeva Q.B., Auesbaeva P.T. “Kolzhazba korlaryndagy batyrylyk zhyrlardyn zhinalu tarihy”. [“The history of the collection of heroic epics in manuscript funds”]. – Алматы, “Adebiyet alemi”, 2017. – 336 p). [In Kazakh].

Babalar sozi: Bатырлар зhyры. [“Babalar sozi”: Heroic Epic] Vol. 39. – Astana: «Foliant», 2006. 448 p. [In Kazakh].

Babalar sozi: Bатырлар зhyры. [“Babalar sozi”: Heroic Epic] Vol. 50. – Astana: «Foliant», 2008. 464 p. [In Kazakh].

Babalar sozi: Tarihi anyzdar.[“Babalat sozi”: Historical legends] Vol. 85. – Astana: «Foliant», 2012. – 416 p. [In Kazakh].

Bartol'd V.V. Sochineniya. //Raboty po arheologii, numizmatike, epigrafike i etnografii. T. IV. – Moskva, «Nauka» 1966. – 495 p. [In Russian].

Bustanov A. Mezhdru naciej i artefaktom: vostochnaya arheologiya v Sovetskom Kazahstane [Between nation and artifact: Eastern archeology in Soviet Kazakhstan] //Musul'mane v novej imperskoj istorii: Sb. Statej /otv. red. i sost. V.O. Bobrovnikov... – Moskva: OOO «Sadra», 2017. – 424 p. [In Russian].

Valihanov CH.CH. Sochineniya CHokan CHingisovicha Valihanova / Izd. pod red. [i s predisl.] d. ch. N.I. Veselovskogo. – SPb.: Tip. gl. upr. udelov, 1904. – 532 p. [In Russian].

Zhirmunskij V.M. P.M. Melioranskij i izuchenie eposa «Edigej» [Melioransky and the study of the epic "Edigei"] // Tyurkologicheskij sbornik. – Moskva: Izdatel'stvo «Nauka», 1973). [In Russian].

Zhirmunskij V.M. Tyurkskij geroicheskij epos. Izbrannye trudy. [Turkic heroic epic. Selected works]. – L.: Nauka, 1974. – 728 p. [In Russian].

Zhusipov N.K. Kazak fol'klorny gylymy: XX gasyrdyn birinshi zhartyсы. [Kazakh folklore: the first half of the XX century]. Pavlodar, 2007. – 381 p. [In Kazakh].

Kushkumbaev A.K. «Ak Orda» v tyurkskom epicheskom zhyre “Er Edige” ["Ak Horde" in the Turkic epic zhyr "Er Edige"]/Zolotaya Orda: istoriya i kul'turnoe nasledie: sbornik nauchnyh materialov / Otv. red. A.K. Kushkumbaev. – Astana: IP «BG-PRINT», 2015. – 182 p. [In Russian].

Kushkumbaev A.K. Predislovie/Zolotaya Orda: istoriya i kul'turnoe nasledie: sbornik nauchnyh materialov / Otv. red. A.K. Kushkumbaev. [Foreword/Golden Horde: history and cultural heritage: collection of scientific materials] – Astana: IP «BG-PRINT», 2015. – 182 p. [In Russian].

Kazak adabietinin tarihy. On tomдық. [History of Kazakh literature. Ten volumes]. Vol. 7. – Almaty. KAZAqparat., 2004. – 462 p. [In Kazakh].

Margulan A.H. Kazakstan gylymdarynyn bibliografiyasyna materialdar. [Materials for the bibliography of the sciences of Kazakhstan]. – Almaty: Kazak SSR-inin «Gylym» baspasy, 1984. – 66 p. [In Kazakh].

Margulan A.H. Shygarmalary. [Essays by Margulan A.H.] Vol. I. – Almaty: “Alatau” baspasy, 2007. – 608 p. [In Kazakh].

Margulan A.H. Shygarmalary. [Essays by Margulan A.H.] Vol. III. – Almaty: “Alatau” baspasy, 2007 – 488 p. [In Kazakh].

Melioranskij P.M. Skazanie ob Edigee i Tohtamyshe. [The legend of Edigei and Tokhtamysh]. (SPb; tipo-litogr. I. Boragonskogo i K, 1905). [In Russian].

Potanin L.G., Tyurkskaya skazka ob Idyge. [Turkic tale about Idyge]. “Zhivaya starina”, 1897. [In Russian].

Sabitov Zh. “Zolotaya Orda dlya kazahov – eto to zhe samoe, chto i raspad SSSR” [“The Golden Horde for the Kazakhs is the same as the collapse of the USSR”] //Zhurnal Exclusive. [Elektronnyy resurs] // <https://www.youtube.com/watch?v=-7JT6IxJJtY&t=331> (Accessed: 29.03. 2022). Internet sources. [In Russian].

Sabitov Zh.M. Vtorostepennye personazhi eposa Edige [Secondary characters of the epic Edige]//Zolotaya Orda: istoriya, gosudarstvennost', kul'turnoe nasledie. – Nur-Sultan, «Gylym» baspasy, 2019. – P. 97-112 ). [In Russian].

Sadyrbaev S. Galymnyn haty: gylymi zertteuler, maqalalar, estelikter, kosemsozder, oi-tolgamdar. [Letter from a scientist: scientific research, articles, memoris, statements, reflections]. – Almaty: «Dauir-Kitap», 2015. – 340 p. [In Kazakh].

Samojlovich A.N. Variant skazaniya o Edigee i Tohtamyshe, zapisannyj N. Hakimovym. [Variant of the legend about Edigei and Tokhtamysh, recorded by N. Khakimov] //Tyurkologicheskij sbornik. – Moskva, «Nauka», 1973. [In Russian].

Satbaev K. Tandamaly. 1 tomдық //Kurast. K.A. Aqyshev, T.M. Alzhanov – 2-shi bas. [Favorites. In 1 volume // Comp. K.A. Akishev, T.M. Alzhanov, 2nd ed.]. – Shymkent: «Ontystik poligrafıya», 2007. – 384 p. [In Kazakh].

Spasskij G. Sibirskij vestnik. [Siberian Bulletin] Vol. 9. 1820. – 373 p). [In Russian].

Stepanov B. «Kazakstannyn kogam gylymdary kyzmetkerlerinin ideologiyalyk katelikteri» [“Ideological mistakes of workers of social sciences of Kazakhstan”] //«Kazakstan bol'shevigi» gazetı, 1947. №1. – P. 35-48. [In Kazakh].



## МАЗМҰНЫ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Бұрханов Б.Б.</b> КЕҢЕСТІК ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ).....	4
<b>Кушқумбаев А.Қ., Уалиев Т.А.</b> ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I-жартысы).....	15
<b>Қапаева А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921 – 1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ.....	27
<b>ТАРИХ</b>	
<b>Ағатай Ө.М.</b> ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ.....	41
<b>Бекенова А.А.</b> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955).....	56
<b>Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ.</b> 1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
<b>Закарья Р.</b> ЕУРОПАЛЫҚ МИГРАНТТАРДЫҢ КСРО-ҒА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	81
<b>Көкебаева Г.К., Шілдебай С.Қ., Стамшалов Е.И.</b> 1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ .....	98
<b>Крупко И.В.</b> ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА.....	112
<b>Күнікеев А.Д., Жетпісбай Н.Ы.</b> ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840).....	126
<b>Қалыбекова М.Ш.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІКТІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
<b>Қасымова Д.Б.</b> Ж. ШАЯХМЕТОВ ПЕН Д. ҚОНАЕВ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН ҚАЛАЙ КЕТТІ: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	151
<b>Қозыбаева М.М.</b> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ	

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ (1946 – 1953).....	163
<b>Қуанбай О.Б.</b> ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1715–1776).....	172
<b>Құдайбергенова А.И., Мамытова С.Н., Көбеев Р.Ж.</b> АШЫҚҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ АУЫП БАРҒАН ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕРДЕН (1931 – 1933).....	185
<b>Муканова Г.К., Байжуманова З.Б.</b> БӨКЕЙХАНОВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДАҒЫ «БАХАИЗМ» ЖАЙЛЫ ДӘРИСТЕР ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ «ОҚУЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ».....	196
<b>Нурсултанова Л.Н., Еркін А.Е.</b> ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ САЯСИ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХИ-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІ.....	206
<b>Оразов Р.Е., Сатенова М.Р.</b> АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ.....	217
<b>Оспанов Н.М.</b> КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ.....	228
<b>Ошан Ж.</b> ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ШІНАРА МӘЛІМЕТТЕР.....	238
<b>Сарманова С.Р., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б.</b> ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	249
<b>Сманова А.М.</b> АХМЕТ ЗӘКИ УӘЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	257
<b>Стась И.Н., Нурбаев Ж.Е., М.М. Козыбаева</b> АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҒИБАДАТХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ).....	266
<b>Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Конкабаева</b> ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	277
<b>Түрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С.</b> ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР.....	289
<b>Ханна Матт</b> ЖАҒАҢДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАУ ҚҰБЫЛЫСЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ: ТҮРКІСТАН ТӘЖІРИБЕСІ (1914 – 1916).....	301

**Черепанов К.В.**

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АЛМАТЫНЫҢ ЕЛОРДАЛЫҚ  
КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....314

**Шакиева А.С.**

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ:  
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....329

**Шотанова Ғ.А., Өжкенов Е.М., Жұмаділ А.Қ.**

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР:  
ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСТАЛУЫ.....340

**АНТРОПОЛОГИЯ**

**Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.**

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ  
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....353

**Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б.**

ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЫНЫҢ ЗАТТЫҚ ТОПТАМАСЫ:  
АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....361

**Кулагина Е.В., Смағұлов Б.Қ., Болсынбек Т.Н.**

ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ  
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ  
ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР.....370

**Рогожинский А.Е., Камалдинов И.Р.**

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ  
(2021 – 2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ).....384

**МЕРЕЙ ЖАС**

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевұлы – 80 жас.....393

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

- Б.Б. Бурханов**  
О НЕКОТОРЫХ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЧЕРТАХ ИСЛАМА  
В СОВЕТСКОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....4
- А.Қ. Кушкумбаев, Т.А. Уалиев**  
ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДІГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....15
- А.Т. Капаева**  
ТЕОРЕТИКО–МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ  
К ИЗУЧЕНИЮ ГОЛОДА 1921 – 1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....27

### ИСТОРИЯ

- У.М. Агатай**  
ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ.....41
- А.А. Бекенова**  
КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ  
КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955).....56
- Н.К. Дуйсенова, Б.Қ. Смагулов**  
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ  
СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х – 1950-Х ГГ.....70
- Р. Закарья**  
ПРЕДПОСЫЛКИ МИГРАЦИИ В СССР ЕВРОПЕЙСКИХ МИГРАНТОВ,  
А ТАКЖЕ ИХ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....81
- Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай, Е.И. Стамшалов**  
ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА.....98
- И.В. Крупко**  
СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ:  
В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ.....112
- А.Д. Куникеев, Н.Ы. Жетписбай**  
ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822-1840).....126
- М. Калыбекова**  
ПРОБЛЕМЫ РАЗРУШЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ  
ИДЕНТИЧНОСТИ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....138
- Д.Б. Касымова**  
КАК «УХОДИЛИ» СО СВОИХ ПОСТОВ Ж. ШАЯХМЕТОВ  
И Д. КУНАЕВ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....151
- М.М. Козыбаева**



СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КОЛХОЗОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946-1953).....	163
<b>О.Б. Қуанбай</b> КУЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ (1715-1776).....	172
<b>А.И. Кудайбергенова, С.Н. Мамытова, Р.Д. Кубеев</b> ИЗ АРХИВНЫХ ДАННЫХ О ПРЕБЫВАНИИ КАЗАХСКИХ ГОЛОДОБЕЖЕНЦЕВ НА МЕСТАХ ОТКОЧЕВКИ (1931-1933).....	185
<b>Г.К. Муканова, З.Б. Байжуманова</b> ЛЕКЦИЯ ПО «БЕХАИЗМУ», РЕДАКТОР БУКЕЙХАНОВ И «ПИСАНИЕ УЧЕБНИКОВ» СМАГУЛОМ САДВОКАСОВЫМ.....	196
<b>Л.Н. Нурсултанова, А.Е. Еркін</b> ПОЛИТИКО – ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ИСТОРИКО – ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	206
<b>Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова</b> АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО.....	217
<b>Н.М. Оспанов</b> ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ООН В ОТНОШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	228
<b>Ж. Ошан</b> ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	238
<b>С.Р. Сарманова, М.М. Козыбаева, Х.Б. Маслов</b> АЛИХАН БУКЕЙХАН И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХОВ.....	249
<b>А. Сманова</b> НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УСТАНОВОК АХМЕТА ЗАКИ ВАЛИДИ.....	257
<b>И.Н. Стась, Ж.Е. Нурбаев, М.М. Козыбаева</b> ИЗ ИСТОРИИ ХРАМОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В Г. АКМОЛИНСК ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ (АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛАХ ФОТОДОКУМЕНТОВ).....	266
<b>Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Курманалина, А.Н. Конкабаева</b> ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	277
<b>Х.М. Турсун, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев</b> ОБЩИЕ ЧЕРТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСЛАМСКИХ И ХРИСТИАНСКИХ ПОДЗЕМНЫХ МОЛИТВЕННЫХ МЕСТ.....	289

**Ханна Матт**

ГЛОБАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН ВОЕННОГО ПЛЕНА  
В ПЕРИОД ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ОПЫТ ТУРКЕСТАНА (1914 – 1916).....301

**К.В. Черепанов С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим**

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ  
КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ  
ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ.....314

**А.С. Шакиева**

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА:  
СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....329

**Г.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, А.К. Жумадил** КАЗАХИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ:

НАЧАЛО МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....340

**АНТРОПОЛОГИЯ**

**С.Е.Ажигали, Б.А. Ашим**

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ  
ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ  
РЕГИОНЕ.....353

**А. Ганиева, Е. Ананьевская, Б. Хасенова**

ПРЕДМЕТНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ КАЗАХСКОГО КЫСТАУ:  
ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АКМОЛИНСКОМ ПРИИШИМЬЕ.....361

**Е.В. Кулагина, Б.Қ. Смагулов, Т.Н. Болсынбек**

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ  
В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА.....370

**А.Е. Рогожинский, И.Р. Камалдинов**

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДИЩА АСПАРА И ШАРУАШЫЛЫК  
(ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2021 – 2022).....384

**ЮБИЛЕЙ**

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич – 80 лет.....393

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

<b>B.B. Burkhanov</b> ON SOME SPECIFIC FEATURES OF ISLAM IN SOVIET CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW).....	4
<b>A.K. Kushkumbayev, T.A. Ualiyev</b> HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2 <sup>ND</sup> HALF OF 19 – 1 <sup>ST</sup> HALF OF 20 CC.....	15
<b>A.T. Капаева</b> THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE FAMINE OF 1921–1922. IN KAZAKHSTAN.....	27

### HISTORY

<b>O.M. Agatay</b> A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS.....	41
<b>A.A. Bekenova</b> CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955).....	56
<b>N.K. Düisenova, B.Q. Smagulov</b> SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	70
<b>R. Zakarya</b> PREREQUISITES FOR MIGRATION OF EUROPEAN MIGRANTS TO THE USSR, AS WELL AS THEIR MAIN CATEGORIES.....	81
<b>G.K. Kokebayeva, S.K. Shildebai, E.I. Stamshalov</b> SHYMKENT UPRISING OF 1967.....	98
<b>I.V. Krupko</b> SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT.....	112
<b>A.D. Kunikeev, N.N. Zhetpisbay</b> THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 –1840).....	126
<b>M. Kalybekova</b> PROBLEMS OF THE DESTRUCTION OF NATIONAL IDENTITY IN THE 30-50s XX CENTURY.....	138

<b>D. Kassymova</b> HOW Z. SHAYAKHMETOV AND D. KUNAYEV LEFT THEIR POSTS: COMMON AND PARTICULAR.....	151
<b>M.M. Kozybayeva</b> SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COLLECTIVE FARMS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946 – 1953).....	163
<b>O. Kuanbay</b> KULSARY BATYR – DIPLOMAT, STATE AND PUBLIC ACTOR (1715 – 1776).....	172
<b>A.I. Kudaibergenova, S.N. Mamytova, R.D. Kubeyev</b> FROM ARCHIVAL DATA ON THE STAY OF THE KAZAKH FAMINE REFUGEES IN THE MIGRATION DESTINATIONS (1931 – 1933).....	185
<b>G.K. Mukanova, Z.B. Baizhumanova</b> LECTURE ON "BEHAISM", EDITOR BUKEIKHANOV AND "WRITING TEXTBOOKS" BY SMAGUL SADVOKASOV.....	196
<b>L.N. Nursultanova, A.E. Erkin</b> POLITICAL AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN AND THE MIDDLE EAST: HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ASPECT.....	206
<b>R.E. Orazov, M.R. Satenova</b> AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY.....	217
<b>N.M. Ospanov</b> THE POLICY OF THE SOVIET UNION IN THE UN WITH RESPECT TO THE PROBLEM OF REPATRIATION OF PRISONERS OF WAR.....	228
<b>Zh. Oshan</b> PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES.....	238
<b>S.R. Sarmanova, M.M. Kozybayeva, K.B. Maslov</b> ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE DEVELOPMENT OF THE ETHNIC IDENTITY OF THE KAZAKHS.....	249
<b>A. Smanova</b> SCIENTIFIC ACTIVITY AND FORMATION OF THE WORLDVIEW OF AKHMET ZAKI UALIDI.....	257
<b>I.N. Stas, Zh.Y. Nurbayev, M.M. Kozybayeva</b> FROM THE HISTORY OF TEMPLE CONSTRUCTION IN AKMOLINSK IN THE SECOND HALF OF THE 19 <sup>TH</sup> – EARLY 20 <sup>TH</sup> CENTURIES (ARCHITECTURAL ANALYSIS ON THE MATERIALS OF PHOTOGRAPHIC DOCUMENTS).....	266
<b>Sh.B. Tleubayev, S.G. Belous, N.N. Kurmanalina, A.N. Konkabayeva</b> ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....	277
<b>H.M. Tursun, S.T. Shametov, M.S. Isaev</b> COMMON FEATURES IN THE CONSTRUCTION AND OPERATION OF ISLAMIC AND CHRISTIAN UNDERGROUND PRAYER PLACES.....	289



**Hanna Matt**

GLOBAL CAPTIVITY IN THE FIRST WORLD WAR:  
PRISONERS OF WAR IN TURKESTAN, 1914 – 1916.....301

**K. Cherepanov**

THE ROLE OF D. A. KUNAEV IN SHAPING THE CAPITAL IMAGE OF ALMATY.....314

**A. Shakiyeva**

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND:  
THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS).....329

**G.A. Shotanova, E.M. Uzhkenov, A.K. Zhumadil**

KAZAKHS OF THE BUKEY HORDE: THE BEGINNING  
OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL SOCIETY.....340

**ANTHROPOLOGY**

**S.E. Azhigali, B.A. Ashim**

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND  
ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION.....353

**A. Ganieva, E. Ananyevskaya, B. Khassenova**

COLLECTION OF FINDS OF THE SETTLEMENT OF BOZOK II IN THE NORTHERN  
SARYARKA.....361

**Y.V. Kulagina, B.Q. Smagulov, T.N. Bolsynbek**

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM  
SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....370

**A.E. Rogozhinsky, I.R. Kamaldinov**

MEDIEVAL CITY-SITES ASPARA AND SHARUASHYLYK  
(PRELIMINARY RESULTS OF RESEARCH IN 2021 – 2022).....384

**ANNIVERSARY**

Aldazhumanov Kaidar Seisembayevich – 80 years old.....393

**Редакцияның мекен-жайы:**

050010, Қазақстан Республикасы  
Алматы қ., Шевченко көш., 28,  
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы  
Телефон: +7 (727) 261-67-19  
E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)  
Электрондық мекен-жайы: [www.edu.e-history.kz](http://www.edu.e-history.kz)

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.